



РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Е.Қ. Ақкенженовті тағайындау туралы

Ерлан Құдайбергенұлы Ақкенженов Қазақстан Республикасының Энергетика министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
К.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 19 наурыз
№ 820

Ерлан Құдайбергенұлы АҚКЕНЖЕНОВ

Е.Қ. Ақкенженов 1979 жылы Алматы қаласында туған.

«Әділет» жоғары құқық мектебін, «Астана» университетін бітірген.

Еңбек жолын 2002 жылы «ҚазМұнайГаз Сауда үйі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде бастап, 2004 жылға дейін бас маман, бас менеджер, департамент директоры болып жұмыс істеген. 2004–2006 жылдары «Chevron Texaco Global Trading» (Ұлыбритания) трейдері болған. 2006–2012 жылдары «ҚазМұнайГаз Сауда үйі», «Қазақойл-Ақтөбе» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінде департамент директоры, коммерциялық директор және «ҚазМұнайГаз Өңдеу және Маркетинг» акционерлік қоғамында департамент директоры лауазымдарында қызмет атқарған.

2012–2016 жылдары «Rompetrol Bulgaria» (Болгария), «KazMunaiGas International (Rompetrol)» (Румыния) компанияларында бас директордың орынбасары, трейдинг жөніндегі бас директоры, бөлшек сауда жөніндегі бас директоры болып жұмыс істеген.

2016–2020 жылдар аралығында «Refine Petrol Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде бас директор болған. 2022 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамында басқарма басшысы лауазымына тағайындалған.

2023 жылғы маусымнан бастап Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің орынбасары.



Ресми хабарлама

«Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл» атты күн тәртібімен Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XXXIV сессиясын шақыру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі қабылданды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясы 2025 жылғы 23–24 сәуір күні Астана қаласында өтеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы

Президент реформалары: сын-қатерлерді еңсеру кезеңі

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен палатаның жалпы отырысы өтіп, күн тәртібінде негізінен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси реформаларын іске асыру барысы талқыланды. Мәжіліс депутаттары Әділетті Қазақстан құру қағидаттарына негізделген қарар қабылдады.

Жасұлан СЕЙІЛХАН,
Зейін ЕРҒАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Саяси векторды түбегейлі өзгерткен Жолдау

Мемлекет басшысы ел тізгінін қолына алған сәттен бері жүзеге асырып келе жатқан саяси реформалар – мемлекеттік құрылыстың жаңа тарихи кезеңі туралы Мәжіліс

төрағасы Ерлан Қошанов баяндап берді. Палата спикері осыдан тура үш жыл бұрын, дәл осы залда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа тарихи Жолдауын жариялағанын атап өтіп, ол уақыт әлем үшін де, еліміз үшін де алмағайып та күрделі сынақтардың кезеңі болғанын еске салды.

– Пандемия індеті дүрбелең туғызды. Жаһандық

және аймақтық қақтығыстар, санкциялық соғыстар белең алды. Біздің елге де оңай тиген жоқ. Науқаншылықтан, жасандылықтан қабыған қоғамның өзі екіұдай көңіл күйде болды. Тіпті мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұтастығына қатер төнген сәттерді бастан өткердік. Алдымызда күрделі жол, күрмеулі таңдау тұрды. Соның бәріне қарамай, сын сағатта Президентіміз елмен бірге болып, қиындықтарды абыроймен еңсердік. Мемлекет басшысының үш жыл бұрынғы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты халыққа Жолдауы сын-қатерлерге берілген кесімді

әрі нақты жауап болды, – деген Е.Қошанов бұл Жолдау елдің еңсесін көтеріп, рухын оятып, ұлтымызды ұйыстырғанын атап өтті.

Палата спикері шын мәнінде, Жаңа, Әділетті Қазақстан қол жетпес арман емес екенін айтты. Бұл халқымыздың талап-тілегінен, қоғамның сұранысынан туындаған қажеттілік, өмірдің шындығы екенін жеткізген Е.Қошанов реформалар заңды өзгерту ғана емес, тұтас мемлекет пен қоғамның болмыс-бітімін жаңарту, жаңғырту екеніне айрықша тоқталды.

3 >

Ұлттық спортты дамыту – елдік іс



Бүгін – Ұлттық спорт күні. Мемлекет басшысының қолдауымен «Наурызнама» тұжырымдамасы бекітіліп, ұлық мейрам 10 күн бойы танымдық-тағалымдық іс-шара аясында өтеді. Жылдан-жылға бұл мереке жалпыхалықтық парасатпен астасып келеді. 20 наурызды Ұлттық спорт күні деп бекітудің де мәні зор. Ұлттық ойындардың қарқынды дамуына ұлық мерекеде ұйымдастырылатын түрлі сайыстар зор серпін береді. Күн мен түн теңеліп, тіршілік атаулының түлеп, жаңаруымен тұспа-тұс келетін ұлттық спорт мерекесі ел ішін дүбірге бөлейді. Атаулы мереке қарсаңында Ұлттық спорт қауымдастығының президенті лауазымына жақында тағайындалған Еркебұлан ІЛІЯСОВПЕН сұхбаттасудың орайы келген еді.

10 >



Суретті түсірген – Еран ОМАР, «EQ»

ӨНДІРІС ӨРІСІ

«Алшынай» цехының асуы

Қарағандыдағы «Алшынай» цехы тақиядан бастап киіз үй жабдығына дейін тігеді. Этношопаны шетелге сатылып жатыр. Мемлекеттік мекемелер мен ірі кәсіпорындардан түсетін тапсырыс та көп.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Egemen Qazaqstan»

Тігін цехының иесі Гүлсім Хамитқызы күйеуінің көлік тұрағын цех ретінде пайдаланып отыр. Ұзақ жыл сауда-саттықпен айналысып келген шебер ең әуелі балалар кеудешесін тігіп, сатыпты. Кейін онышапана, тақия, көрпе-жастыққа ұласқан. Сапалы дүние тұтынушы



Суретті түсірген – Жансәлі ӘБДІКАЛЫМ

көңілінен шығып, күн өткен сайын тапсырыс молаю түседі. Кәсібіне үйінің бір бұрышы тарлық етіп, гаражға көшеді. Өзі

ұлгермейтін болған соң қасына тігіншілер алады.

– Кішкентай кезімден әжелерімдіздің іс тігіп отырғанына

7 >

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

Қазақ тіліндегі оқулықтар тапшы

Кейінгі жылдары еліміздегі жоғары оқу орындары кітапханаларының жұмысы автоматтандырылып, кітап қоры жаңа дүниелермен толықты. Мәселен, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы шеңберінде қазақ тіліне аударылған басылымдар студенттерге қолжетімді. Дегенмен күн сайын өзгеріп жатқан жаңа технология кезеңінде, әсіресе техникалық бағыттағы мамандықта оқитын студенттерге ана тіліміздегі заманауи оқулықтар тапшы болып отыр.

Эльвира СЕРІКҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Жоғары оқу орындарындағы оқулық жетіспеушілігі Ұлттық құрылтай мінберінен көтеріліп, студенттердің басым көпшілігінің қазақ тіліндегі жаңа заман оқулықтарына

қолы жетпей отырғаны мәлім етілген еді. Осыған байланысты оқулық шығару ісіне мемлекет тарапынан қаржы қарастырып, қазақ тіліндегі электронды кітаптар әзірлеу ұсынылған болатын.

8 >

КЕШЕ КЕШКІСІН...

Батыс Қазақстанда 9 ауыл жолсыз қалды

Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданында 9 ауыл көлік қатынасынан тыс қалды. Қалдығайты өзені тасып, Жымпиты-Қаратөбе жолын су шайған. Бұл туралы облыстық төтенше жағдайлар департаменті хабарлады. Осыған байланысты көлік қозғалысы уақытша тоқтатылды. Елді мекендерді су басу қаупі жоқ. Медициналық көмекке зәру науқастар мен айы-күні жетіп отырған жәткі әйелдер аудан орталығына алдын ала жеткізілді. ТЖД мен полиция және жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері оқиға орнында жағдайды бақылауда ұстауда.

БҮГІН БАСЫЛЫМДА

«Жырым мені ешқашан өлтірмейді...»

Биыл – Алаштың аяулы да, арда ақыны Тұманбай Молдағалиевтің мерей жылы. Махаббат жыршысы, табиғат сәулеткерінің тоғызыншы асқарын ұлан-байтақ жазиралы Отаны, сүйікті ел-жерті дүбірлетіп өткізуде. Қуантып, сүйінішпен келген көгілдір көктемнің лағыл лебі туған даласының аспанын шарлап кеткендей. Алыс қиырлардан қиқулап асығып жеткен қанаттылар да небір сиқырлы сазды әуездерін күйікылжытатын секілді.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМАЫ:

EUR/KZT 545.3

USD/KZT 500.32

RUB/KZT 6

CNY/KZT 69.19

ЕРТЕҢ – «ЕГЕМЕНДЕ»

Ағылшын монахтары кездестірген қазақтар

Арлингтон қаласындағы үйіміздің астында жұмыс істеуге арналған еске кабинеттер бар еді. Сол жерде әр күні кеште 3 сағат шамасында отырып, кітапханадан әкелген ұлттымызға қатысты деректері бар ескі кітаптарды зерделеймін. Есімін ұмытқан бір данышпанның «қолына жақсы кітап түскен адамның жалғызсырауы мүмкін емес» дегені осындайда ойға қуат, бойға күш қосатыны да рас.